**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ** | | **ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ** |

**АКАДЕМИК Т.С.САДЫҚОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ КАФЕДРАСЫ**

# АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2023 жылы 22 қыркүйекте ҚР ҰҒА академигі Тоқмұхамед Сәлменұлы Садықовтың туғанына 85 жыл толуына және Абай атындағы ҚазҰПУ- нің 95- жылдығына орай **«ЖАҢА ШЫНДЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕРІ - ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТУ ТӘЖІРИБЕСІ»** тақырыбында «Садықов оқулары – VI» Халықаралық ғылыми – практикалық конференциясы өтеді.

Мерейтойлық конференцияны өткізудің негізгі мақсаты ҚР ҰҒА академигі Т.С. Садықовтың шығармашылық мұрасын өзектендіру болып табылады. Конференция барысында жетекші қазақстандық және шетелдік ғалымдардың қатысуымен секция жұмыстары ұйымдастырылады.

Конференция жұмысына министрліктер мен ведомстволардың, ғылыми мекемелер мен кәсіпорындардың басшылары мен қызметкерлері, ғылыми-педагогикалық қызметкерлер, ғылыми қызметкерлер, жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы, докторанттар мен магистранттар шақырылады. Жол жүруге және тұруға байланысты іссапар шығыстары жіберуші тараптың есебінен жүзеге асырылады.

**Конференция шеңберінде келесі бағыттар бойынша сессиялардың жұмысы ұсынылады:**

**Конференция жұмысының негізгі бағыттары:**

1. XXI ғасырдағы инновациялық өзгерістер: білім беру үдерісіндегі психологиялық-педагогикалық технологиялар.
2. Қазіргі жаһандық әлемнің сын-қатерлері контекстіндегі тарих және тарихи білім.
3. ҚР ҰҒА Академигі Т.С. Садықовтың халықаралық бағыттағы мамандарды даярлаудағы сіңірген еңбегі.
4. Экономика және құқық: қазіргі жағдайы және даму перспективалары.
5. Әлеуметтік-экономикалық процестерді модельдеу Жаңа Қазақстанның өзекті саяси міндеті ретінде.
6. Ақпараттық технологиялар. Білім беруді цифрландыру мәселелері.

**Конференцияның жұмыс тілдері** – қазақ, орыс, ағылшын.

Конференция жұмысына қатысуға ниет білдірушілерді **2023 жылдың 8 қыркүйегіне** дейін **sadykov.conference@mail.ru** электрондық поштасы бойынша ұйымдастыру комитетіне төмендегі нысандарды пайдалана отырып, өтінім мен баяндама мәтінін жіберуді сұраймыз. Файл атауында бірінші автордың тегі және мақала атауының алғашқы үш сөзі көрсетіледі.

Конференция материалдары негізінде **PDF форматында** баяндамалардың электронды жинағы жарияланады. Жариялау тегін.

**Өтетін уақыты мен орны: Пленарлық мәжіліс 2023 жылдың 22 қыркүйегінде сағат 10.00-де** Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жамбыл көшесі 25, конференц зал (2-этаж).

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Тарих және құқық институтында оффлайн және онлайн режимінде өтеді.

**Мақалаларды рәсімдеуге қойылатын талаптар;**

- мақала мәтіні 3 (үш) беттен 6 (алты) бетке дейін DOC (Microsoft Word) форматында жарияланады. Парақ форматы А4 (297х210 ММ.). Барлық жиектер - 2 см. Электрондық нұсқадағы беттер саналмайды. Қаріп: **Times New Roman (Times New Roman KZ)**. Таңба өлшемі – **14 pt**. Мәтін ені бойынша өзгертулерсіз ресімделуі тиіс, абзац басындағы бос орын - **1,25 см**. Жоларалық интервал - **дара.** Мақаланың тақырыбы ортасында пішімделеді.
- мақалада сол жақ жоғарғы бұрышта орнатылған әмбебап ондық жіктеу индексі (ӘОЖ) болуы тиіс;
- мақаланың тақырыбы **(бас әріптермен, жартылай қалың қаріппен),** автордың ТАӘ, оның ғылыми дәрежесі, атағы, жұмыс (оқу) орны (лауазымы, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің атауы; студент (бакалавриат, магистратура), аннотация **(курсивпен, әдеттегі қаріппен, 3-5 сөйлем)** және түйінді сөздер **(5-7 сөз)** мақала тіліндегі мәтіннің алдында көрсетіледі. Егер ұйымның атауында **қала нақты көрсетілмесе**, онда ұйымның атауынан кейін үтір арқылы қала, шетелдік ұйымдар үшін – қала мен ел көрсетіледі;
- егер мақаланы бірнеше автор дайындаса, олардың деректері әр автордың мақалаға қосқан үлесінің маңыздылығы бойынша көрсетіледі;
- **авторлардың саны: үштен** аспайды;
- мақалаларды дайындауда пайдаланылған ақпарат көздерінің тізімі мақаланың соңында таратылады. Деректер көзі мақалада оларға сілтеме жасау тәртібімен беріледі. Мақала мәтініндегі сілтеме нөмірі шаршы жақшада рәсімделеді, **мысалы - [1, 13 б.].** Әдебиеттер тізімі **МЕМСТ 7.1-2003 "Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері".**

Баяндама материалдары талаптарға сәйкес толық редакциялануы тиіс. Мақаланың мазмұны үшін жауапкершілік авторға жүктеледі. Көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген және қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін материалдар қаралмайды. Конференцияның Ұйымдастыру комитеті баспасөзге ұсынылатын материалдарды іріктеуге құқылы.

Қатысушылардың өтінімдері келесі үлгі бойынша дайындалуы керек

| **ҚАТЫСУШЫНЫҢ ӨТІНІМІ** | |
|---|---|
| Автор(лар)дың АӘТ | |
| Лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы | |
| Жұмыс орны (толық атауы) | |
| Мақаланың атауы | |
| Сессияның атауы | |
| Қатысу нысаны (офлайн / онлайн) | |
| Байланыс телефоны (ұялы / қалалық) | |
| E-mail | |

**Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы және байланыс телефондары:**
- **Конференцияны ұйымдастыру сұрақтары бойынша**:
тел.: 8 (727) 291-40-71, 8-701-353-2916, 13 кабинет, Жамбыла көшесі, 25;
- **Конференция материалдары жинағында жариялау мәселелері бойынша**:
тел.: 8 (727) 291-40-71, 8-777018418, 13 кабинет, Жамбыла көшесі, 25.

**Құрметпен, ұйымдастыру комитеті**